**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**
**КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ**

**Бекітемін**
**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ**
**Басқарма Төрағасы – Ректор м.а.**
**_______________ Т.О. Балықбаев**

**«____» ______________ 2020 ж.**

# ОРАЗАЛЫ ДОСБОСЫНОВ АТЫНДАҒЫ АҚЫНДАР ОРТАЛЫҒЫ ДИРЕКТОРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТІК НҰСҚАУЫ

| Көшірмесі | Коды | Басылым | Дайындалды | Келісілді | Келісілді |
|---|---|---|---|---|---|
| | Н ҚазҰПУ 09-01-08 | Екінші | Сезімхан Ш. | Ішпекбаев Ж.Е. | Оразғали Ә.Д. |
| | | | | Жусупбеков С.С. | **Норма бақылау** Жанбаева Л.А. |

**Алматы, 2020**

## 1. НОРМАТИВТІК НЕГІЗДЕР

Орталық жетекшісінің қызметтік нұсқауы келесі нормативтік құқықтар актысы негізінде жасалды:

1.1 ҚР Еңбек кодекісінің 22 және 23-баптарына сәйкес;

1.2 Орталық жетекшісінің лауазымдық біліктілігі (ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министірінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201- ө-м бұйрығымен бекітілген, 17.04.2013 жылы өзгертілген) бұйрыққа сәйкес анықталады;

1.3 ҚР Білім және ғылым министрлігі «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» ШЖҚ РКМ-ңжарғысы негізінде;

1.4 Коллективтік келісім шарт негізінде;

1.5 Университет құрлымы негізінде (18.09.2017 жыл университеттің кеңесінің шешімімен №2 хаттама негізінде, 02.10.2017 жылы университет ректорының №644 бұйрығымен бекітілген)

## 2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. Орталық жетекшісі тәрбие жұмысы және әлеуметтік даму жөніндегі проректордың ұсынуымен университет ректорының бұйрығымен жұмысқа қыбылданады және шығарылады.

2.2.Орталық тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаментінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2.3 Орталық жетекшісі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 -ІІІ, 2018 жылғы 4 шілдеде өзгертулер және толықтыруларымен), 2015 жылдың 9 ақпанындағы № 285-V 9 Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңын (2018 жылғы 13 маусымындағы өзгертулер мен толықтыруларымен), Халықаралық ISO 9001: 2015 сапа стандартын, Университет Жарғысын, ҚазҰПУ 3006-17 Ішкі тәртіп ережелерін, Университет Жарлығын, өкімдерін, бұйрықтарын, нормативтік құжаттарын және аталмыш Ережені басшылыққа алады.

## 2. КВАЛИФИКАЦИЯЛЫҚ (БІЛІКТІЛІК) ТАЛАПТАРЫ

2.1. Жетекшісі ретінде, жоғарғы білімді, ұйымдастыру және ақындық қабілеті бар, осы сала бойынша жұмыс тәжірбиесі 3-5 жылдан кем емес тұлға тағайындалады.

2.2. Орталық жетекшісі мынаны білуге міндетті: ҚР Конституциясын, ҚР Азаматтық кодексін, Еңбек туралы негізгі заңнаманы, нормативті-құқықтар актсын, білім беру жүйесінің еңбекқорғау нормаларын, техникалық қауіпсіздік және өрт сөндіру қауіпсіздігін, университеттің саясаты және мақсатын білуге.

2.3 Орталық жетекшісінен талап етілетін қызметтер мен міндеттерін:

- Қызмет саласындағы нормативтік және басқа құжаттарды әзірлеу;
- Ұйымдастыру жұмысы;
- Басшылықтан берілген тапсырмаларды орындау;
- БАҚ мен және барлық ақпарат көздерімен жұмыс жасау;
- Көпшілік алдында сөз сөйлеу, қызметтік міндеттерді орындау үшін басқа да қызметтік дағдылар.

2.4 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйені, мүдделер мен қақтығыстарды шешу саясатын және басқа да сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі нормативтік құжаттарды ұстанады.

## 3. ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕР

3.1 Жетекші аталған жас ақындар орталығына жетекшілік етеді.

3.2 Орталықтың жұмысын уақытылы жоспарлайды (Жоспарлар, бағдарламалар мен сценарийлер жобаларын дайындау т.б)

3.3 Жылдық маусымдық іс-шараларды ұйымдастыру сапасына жауап береді.

3.4 Студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған мәдени іс-шаралар өткізеді (айтыстар, жыр мүшайралар, белгілі тұлғалармен кездесулер, танымал ақындармен шеберлік сыныптар өткізу т.б)

3.5 Орталықтың құжаттамаларының дұрыс жүргізілуіне және тиісті орындарға уақытылы жіберілуін қамтамасыз етеді.

3.6 Шығармашылық одақтармен, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен байланыстар орынатып, студенттерді шығармашылық қабілетін шыңдау жолында қызмет етеді.

3.7 Орталық дарынды студенттерді анықтау жұмыстарын (айтыс ақындары мен жазба ақындарын және шығарма жаза алатын, дәстүрлі ән айта алатын т.б таланттарды іріктеп) жүзеге асырады. Олармен жыл бойы бірқатар іс-шаралар өткізеді.

3.8 Дарынды студенттерді университетте ғана емес қалалық, облыстық, республикалық байқауларға, іс-шараларға қатысуға қолдау көрсетеді.

## 4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

4.1 Орталық жетекшісіне ҚР «Еңбек туралы» заңына сәйкес, сондай-ақ орталық туралы ережеде көрсетілген құқықтар берілген.

4.2 Университет басшылығынан немесе «Парасат» орталығының мамандарынан сыбайлас жемқорлыққа қатысты проблема немесе жағдай туындаған кезде не істеу керектігі туралы кеңес алуға.

4.3 Орталық жетекшісінің мынандай құқықтары бар:

- Қызметтік нұсқаулықта қарастырылған міндеттерді жақсарту мақсатында ұсыныстар еңгізуге;
- Орталық жетекшісі университет ректорының және тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаменттің босатуымен республикалық айтыстарға қатысуға;
- Дарынды студенттердің шығармашылығын шыңдау мақсатындағы шаралар, байқаулар (студенттер айысына, мүшайраға, белгілі тұлғалармен кездесулерге т.б) өткізуге қажетті қаржыны университет тарапынан бөлдіруге;
- Талантты студенттерді республиканың барлық өңірлерінде өткен байқауларға қатыстыруға және жол шығындарын бөлдіруге құқылы.

## 5. ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

5.1 Осы қызметтік нұсқаулықта көрсетілген өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін ҚР Еңбек заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

5.2 Университет әкімшілік актілерінде белгіленген өз қызметін жүзеге асыру барысында жасалған құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілікке тартылады.

5.3 Материалдық залал келтіргені үшін ҚР қолданыстағы еңбек, қылмыстық және азаматтық кодекістері бойынша жауапкершілікке тартылады.

5.4 Қызметтік этиканы сақтамағаны үшін жауапкершілікке тартылады.

5.5 Университет туралы құпия ақпаратты ашқаны үшін жауапкершілікке тартылады.